

Микроңесие беру туралы шарттың  
№1 қосымшасы  
«Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС Президентінің  
2014 жылғы 20 қарашадағы № 04-ОД-14 бұйрығымен бекітілген

### АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

1. Шартта өзгесі тікелей қарастырылмаса, осы Шартта және оның Қосымшаларда қолданылатын барлық терминдер мен анықтамалар келесі мағынаға ие:

«Жылдық Сыйақы Мөлшерлемесі»	Тиімді	сыйақыны, бар болса, комиссиялық және басқа төлемдерді қамтитын, Қарызды беру, қызмет көрсету және өтеу (қайтару) үшін ТФС төленуі тиіс басқа төлемдерді қамтитын Қарыз алушының шығыстарын есепке ала отырып есептелетін, Қарыз бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі. Жылдық Тиімді Сыйақы Мөлшерлемесі Қолданыстағы заңнамаға сәйкес есептеледі.
«Қолданыстағы заңнама»		Микроңесие беру туралы шартқа қол қойылғанда қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасы
«Қарыз»		Toyota / Lexus Тауарларын және Қызметтерін сатып алу мақсатында ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен Қарыз сомасын Ресми дилердің ағымдық шотына аудару жолымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ТФС тарапынан Қарыз алушыға берілетін микроңесие (ақша)
«Микроңесие туралы шарт»	беру	Осы Шарт
«Микроңесие ережелері»	беру	Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленген және микроңесие беру қағидаларын, рәсімдері мен талаптарын анықтайтын ТФС ішкі ережелері
«Ресми дилер»		Қазақстандағы Toyota және Lexus лицензияланған дилерлер желісі (франчайзинг)
«Тараптар»		Қарыз алушы және ТФС
«Кепіл»		Кепіл беруші ретінде Қарыз алушы және Кепіл ұстаушы ретінде ТФС арасында жасалған автокөлік құралын кепілге қою шартына сәйкес Көлік құралын кепілге қою
«Кепіл нысаны»		Микроңесие беру туралы шартқа сәйкес берілген Қарыз сомасына сатып алынған, және Кепіл беруші ретінде Қарыз алушы және Кепіл ұстаушы ретінде ТФС арасында жасалған автокөлік құралын кепілге қою шартына сәйкес кепілге берілген көлік құралы

<b>«Өтеу шоты»</b>	«Қазкоммерцбанк» АҚ ашылған № KZ529261802169591000 ТСФ ағымдағы шоты «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ ЕҰ «AltynBank» АҚ ашылған № KZ699490001002617001 ТФС ағымдағы шоты
--------------------	--

2. Контекстте басқаша көрсетілмесе, жекеше түрде берілген терминдер мен анықтамаларға жасалған кез келген сілтемелер көпше түрдегі терминдер мен анықтамаларға жасалған сілтемелерді де білдіреді.
3. Тікелей өзгесі көрсетілмесе, Бапқа, Тармаққа жасалған сілтеме осы Шарттың Бабына немесе Тармағына жасалған сілтеме болып табылады.
4. Тақырыпшалар сілтеме жасауға ыңғайлы болу үшін келтірілген және осы Шартты түсіндіру үшін қолданылмайды.

Микронесие беру туралы шарттың  
№2 қосымшасы  
Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» МҚҰ» ЖШС Президентінің  
2014 жылғы 20 қарашадағы № 04-ОД-14 бұйрығымен бекітілген

## ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

1. Қарыз алушының ТФС берген Микронесие сомасын қайтару, сондай-ақ сыйақы, тұрақсыздық айыбын, ТФС шығыстары мен шығындарын төлеу жөніндегі міндеттемелерінің тиісті орындалуы Кепілзатпен қамтамасыз етіледі.
2. Қарыз бергенде ТФС келесідей комиссия түрлерін келесі мөлшерде өндіріп алады: (i) «Бірінші несие кеңсесі» ЖШС (бұдан әрмен – «Несие кеңсесі») сұрау жіберу үшін – 0 теңге; Зейнетақы төлеу жөніндегі Мемлекеттік Орталығына сұрау жіберу үшін – 0 теңге; (ii) Ресми дилердің ағымдағы шотына ақша аудару үшін – 0 теңге.
3. Қарыз алушы ТФС келесі комиссияларды төлейді: (i) Қарыз алушының бастамасымен Қарыздың техникалық шарттарын өзгерткені үшін 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде комиссия төлейді.
4. Тараптар осы құжат арқылы ТСФ барлық шығындарын, соның ішінде Қарызды қайтару шығындарын, кепілге қойылған мүлікті сату шығындарын Қарыз алушы өтейді деп келісті.
5. Қарыз алушы осы құжат арқылы ТСФ Несие кеңсесінің деректер қорына енгізу үшін Қарыз алушы және осы Шарттың жасалуы туралы мәліметтерді, сондай-ақ Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаумен байланысты ақпаратты (соның ішінде осы Шарт бойынша Қарыз алушы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету құрамы мен әдістері туралы) ТФС беруіне, Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіпте және талаптарда Қарыз алушы туралы несие есептерді ТФС алуына келісімін береді.
6. Осы шартта көрсетілген Ресми дилердің шотына ақша аударылған күн Қарыз берілген күн болып табылады. ТФС шотына ақша келіп түскен күн Қарыз қайтарылған күн болып табылады. Қарыз берілген күн және толық көлемде қайтарылған күн 1 (бір) күн деп саналады, бұл орайда бір жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге, бір ай 30 (отыз) күнге тең деп қабылданады. Қарызды пайдалану сыйақысы Қарыздың нақты қалдық сомасына есептеледі.
7. Осы құжат арқылы Қарыз алушы келесілерді растайды:
  - осы Шартқа қол қойғанға дейін оған танысу және таңдау үшін әрараптандырылған төлем (теңдей үлестермен) әдісі және аннуитетті төлем әдісі қолданылып есептелген Қарызды өтеу кестесі ұсынылғанын;
  - өзі Микронесие беру ережелерімен танысып шыққанын, оның ережелері түсінікті екендігін;
  - осы Шартты жасаудан бас тартуға мүмкіндігі болғанын;
  - Қарыз алушының ТФС берген құжаттары және/немесе ақпарат шынайы әрі нақты болып табылатындығын растайды.

орындағанға дейін немесе Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Шарттың күшін тоқтатудың өзге себептері (қайсысының ерте басталуына байланысты) орын алғанға (туындағанға) дейін жарамды.

9. Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайларды есепке алмағанда осы Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға, бір жақты өзгертуге, толықтыруға және/немесе бұзуға жол берілмейді.
10. Қарыз алушы ТФС жазбаша келісімімен осы Шарт бойынша берілген Қарыз сомасын толығымен немесе бір бөлігін мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы. Қарыз алушы келісімі бойынша бір бөлігін мерзімі бұрын қайтарылған Қарыз сомасы үш айлық төлемінен кем болмауы тиіс.
11. Сонымен қатар осы құжат арқылы Қарыз алушы Қарыздың бір бөлігі мерзімінен бұрын өтелген және/немесе осы Шартқа сәйкес Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің өзгерген жағдайда алдағы уақытта ТФС беретін өтеу кестесімен сөзсіз келісетіндігін білдіреді.
12. Осы құжат арқылы Қарыз алушы Қарызының бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеген кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ТФС берген Өтеу кестесіне қол қоюға міндеттенеді, осы кестеге сәйкес Қарыз алушы Қарызды өтейді және Қарыз бойынша сыйақыны төлейді.
13. ТФС Қарызды өтеуге қосымша уақыт бергеннен кейін Қарыз мерзімінен бұрын өтелген жағдайда Қарыз бойынша негізгі борышты және ұзартылған кезеңге есептелген, бірақ мерзімінен бұрын өтеуге дейін төленбеген Қарызды пайдалану сыйақысы төленуі тиіс.
14. Қарыз Ресми дилердің ағымдағы шотына Қарыз сомасын аудару арқылы беріледі.
15. Қарыз алушының ТФС алдын ала берген жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа осы Шарт бойынша құқықтарын беруге құқығы жоқ.
16. ТФС Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қарыз алушының қосымша келісімінсіз құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ осы Шарт бойынша Қарыз алушыдан талап ету құқығын үшінші тұлғаларға беруге құқылы, Қарыз алушы бұған шартсыз және кері қайтарылмайтын келісімін береді.
17. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін осы Шарттың 17-тармағына сәйкес және осы Шартта қарастырылмаған жағдайларда Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес жауапкершілік көтереді.
18. Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда тараптардың жауапкершілігі және ТФС қабылдайтын іс-шаралар:
  - 18.1 Қарыз бойынша төлем өтеу мерзімін кешіктіргені үшін Қарыз алушы Қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген соманың 0,5% мөлшерінде ТФС өсімақы және/немесе әр кешіктірілген күн үшін ол бойынша сыйақы төлейді, бұл орайда өсімақы сомасының мөлшері осы Шарт күшінде болатын әр жыл үшін берілген Қарыз сомасының көп дегенде 10% (он пайызын) құрайды. ТФС Қарыз бойынша мерзімі кешіктірілген берешек басталған күннен кейінгі келесі күннен бастап Қарыз алушы мерзімі кешіктірілген берешекті толық өтеген күнге дейін, осы күнді қоса есептегенде, Қарыз және/немесе сыйақы бойынша өсімақы есептейді.
  - 18.2 ТФС Қарыз алушының автокөлік құралына меншік құқығын растайтын құжаттарды және/немесе төлем құжаттарын тексеру арқылы Қарызды мақсатты пайдалану үшін бақылау жасайды. Осы орайда Қарыз алушы ТФС Қарызды мақсатты

пайдаланбағаны үшін мақсатты пайдаланылмаған Қарыз сомасының 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. ТФС қарыз бойынша берешек сомасын мерзімінен бұрын өндіріп алуға құқылы.

19. Қарыз және сыйақы бойынша мерзімі кешіктірілген берешек бар болған жағдайда ТФС Қарыз алушыға осы Шартпен қарастырылған әдіспен хабарлама жібереді және Қарыз алушы хабарламада аталған мерзімде берешекті өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда ТФС осы Шартпен және Қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіпте кепілге қойылған мүлікті өндіріп алуға құқылы.

20. Қарыз алушы:

20.1 осы Шартқа қол қойылғаннан, уәкілетті мемлекеттік органда автокөлік құралын кепілге қою шартын тіркегеннен және Өтеу кестесіне қол қойғаннан кейін Қарыз сомасын Ресми дилердің ағымдағы шотына аудару арқылы Қарыз беруді талап етуге;

20.2 ТФС ішкі ережелерімен анықталған тәртіпте және талаптарға сәйкес Өтеу кестесімен қарастырылған сомада Қарызды және сыйақыны өтеу үшін алдын ала төлем жасауға құқылы.

21. Қарыз алушы:

21.1 осы Шартқа және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ТФС сұратқан құжаттарды ұсынуға;

21.2 алынған Қарыз сомасын уақтылы және толық сомада қайтаруға және ол бойынша сыйақы төлеуге;

21.3 Қарыз уақтылы қайтарылмағанда және/немесе ол бойынша сыйақы төленбеген жағдайда ТФС осы Шартпен анықталған мөлшерде және тәртіпте тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) төлеуге;

21.4 Көлік құралының бүтіндігін тексеру мақсатында оны қарап тексеру үшін ТФС уәкілетті тұлғаларына кіруге рұқсат беруге/кіруін қамтамасыз етуге міндетті. Тексерулер саны мен мерзімін ТФС анықтайды;

21.5 осы Шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуына кедергі келтіретін жағдайлардың басталуы туралы, соның ішінде жазатайым оқиға басталғанда немесе Қарыз алушының денсаулығына басқаша зиян келген жағдайда, сақтандыру уақиғасы басталуы немесе Қарыз алушының қаржы жағдайы нашарлауы жағдайда, сондай-ақ Қарыз алушы үшінші тұлғалар тарапынан шағымдар және/немесе талап арыздар алған жағдайда ТФС бірден хабарлауға;

21.6 жеке куәлігі (паспорты), мекенжайы, жұмыс орны, сондай-ақ микронесие беруге ұсынылған өтініш-анкетада көрсетілген өзге де мәліметтер, байланыс деректері/деректемелері өзгерген жағдайда өзгеріс болған күннен бастап кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Шарттың талаптарына сәйкес хабарлама жіберуге;

21.7 осы Шартпен қарастырылған жағдайларда ТФС талап етуімен осы Шарттың және Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Қарыз сомасын мерзімінен бұрын қайтаруға/төлеуге, тиесілі сыйақы, айыппұлдар және өсімақы (бар болса) сомасын төлеуге міндетті

22. ТФС:

- 22.1 Қарыз алушыдан Қарыз бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеуін, ол бойынша тиесілі сыйақыны, өсімақыны, айыппұлды төлеуін талап етуге, сондай-ақ Қарыз алушы осы Шарт талаптарын бұзған келесі жағдайлардың кез келгені орын алғанда Қолданыстағы заңнамамен және тиісті кепіл туралы шартпен белгіленген тәртіпте Кепіл нысанын өндіріп алуға:
- Қарыз алушының өз қаржы жағдайы туралы жалған ақпарат беру фактілері анықталса;
  - осы Шартқа сәйкес берілген Қарыз бойынша және Қарызды пайдалану үшін сыйақы бойынша 60 күнтізбелік күннен көп уақытқа кешіктірілген берешегі пайда болса;
  - кепіл жағдайы нашарласа (опат болса, бұзылса, құнсызданса, т.б.);
  - осы Шарт күшінде болатын мерзім ішінде Кепіл нысанын сақтандыру талаптарын орындамаса;
  - кепіл беруші қайтыс болса.
- 22.2 Қарыз алушы және осы Шарттың талаптары туралы мәліметтерді, сондай-ақ Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаумен байланысты ақпаратты (соның ішінде қарыз беру құпиясын құрайтын ақпаратты, басқа да коммерциялық құпияны) үшінші тұлғаларға (соның ішінде ТФС келісім жасаған коллекторлық компанияларға) беруге, Қарыз алушы осы құжат арқылы осыған шартсыз және қайтарылмайтын келісімін береді;
- 22.3 осы Шарт бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаларға, соның ішінде коллекторлық компанияларға беруге;
- 22.4 осы Шарттың талаптары бұзылған жағдайда ТФС Кепіл мүлкін бір жақты шешім бойынша Қарыз алушыдан оны тартып алуға;
- 22.5 Қарыз алушыдан осы Шарт бойынша Микронесие беру ережелерімен анықталған міндеттемелерін орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрауға құқылы.
23. ТФС Қарыз сомасын толығымен немесе ішінара мерзімінен бұрын ТФС қайтарған Қарыз алушыға Қарызды мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы емес.
24. Қарыз алушыдан алынған Қарыз бойынша ай сайынғы төлем сомасы келесі реттілікпен Қарыз алушының борышкерлігін өтеуге бағытталады:
- 24.1 қарызды пайдаланғаны үшін есептелген сыйақы;
- 24.2 негізгі берешек (Қарыз) сомасы.
25. Мерзімі кешіктірілген борышкерлік пайда болған жағдайда Қарыз сомасын қайтару және ол бойынша сыйақы, өсімақы, комиссиялар, шығыстар/шығындар/ жаратулар келесі реттілікпен жүзеге асырылады:

25.1 ТФС Қарызды, ол бойынша сыйақыны, өсімақыны, айыппұлдарды, сот шығындарын, коллекторлық агенттіктердің сыйақыларын, кепілдік нысанын сату бойынша аукцион өткізу шығыстарын және т.с.с. өтеу бойынша міндеттемелердің орындалуына қол жеткізу бойынша шеккен шығыстар сомалары

25.2 Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдардың, өсімақының) сомалары;

25.3 сыйақы сомасы;

25.4 негізгі берешек (Қарыз) сомасы.

ТФС осы тармақта көрсетілген өтеу реттілігін өз бетінше анықтауға және жүзеге асыруға құқылы.

26. ТФС:

26.1 орналасқан жері немесе атауы өзгергенде осындай өзгерістер болған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қарыз алушыға осы Шарт бойынша хабарлауға

26.2 Қарыз алушыны Микронесие беру ережелерімен, ТФС микронесие беру тарифтерімен таныстыруға;

26.3 өзгеріс болған немесе Қарыз алушыға қатысты кез келген деректер алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Несие кеңсесіне ТФС мен Несие кеңсесі арасындағы шарттық қатынастармен анықталған тәртіпте ақпарат беруге.

27 Тараптар осы Шарт талаптарын орындау барысында туындайтын келіспеушіліктерді алдын ала өзара бір шешімге келу мақсатында келіссөздер арқылы қарастырады.

28 Тараптар өз араларында бір келісімге келмесе, осы Шарттан немесе оған байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кепіл ұстаушының орналасқан жері бойынша сотта (соттарда) шешілуі тиіс. Тараптар осы Шарт пен оның Қосымшалары Қолданыстағы заңнамамен реттеледі деп келісті.

29 Осы құжат арқылы Тараптар ТФС Қарыз алушыға кез келген хабарламалары (i) электронды пошта; (ii) ұялы және басқа телефон байланысы арқылы сияқты әдістердің бірімен жіберсе; (iii) пошта қызметі арқылы жіберсе, тиісті әдіспен рәсімделген және Қарыз алушы алған деп саналады деп келіседі және растайды.

30 Тараптар осы құжат арқылы Қарыз алушының ТФС кез келген хабарламалары (i) алғандығы туралы қол қойылып, Ресми дилер кеңсесінде орналасқан ТФС уәкілетті қызметкерінің қолына тапсыру; (ii) шабармандық қызметі арқылы сияқты әдістердің бірімен жіберсе, тиісті әдіспен рәсімделген және ТФС алған деп саналады деп келіседі және растайды.

31 ТФС Қарыз алушы осы Шартқа сәйкес ТФС жазбаша хабарламаған Қарыз алушының байланыс деректерінің/деректемелерінің өзгеруінен туған, Қарыз алушының хабарламаны алмауы немесе уақтылы алмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

- 32 Тараптар осы құжат арқылы Қарыз алушы хабарламаны жіберу және/немесе алу мақсатында қандай да бір жылдам байланыс құралын пайдалану бойынша бүкіл және кез келген тәуекелді (соның ішінде, бірақ бұнымен шектелмей, үшінші тұлғалардың кез келген қасақана әрекеттері, соның ішінде алаяқтық, жіберілген ақпаратты заңсыз пайдалану, сондай-ақ жылдам байланыс құралдарының, хабарлама беру үшін пайдаланылатын қызмет немесе жабдық жеткізушілерінің жұмысындағы қиындықтардан туған, Қарыз алушы/ТФС алғанға дейін осындай ақпараттан айрылу тәуекелін) өзіне қабылдайды деп растайды.
- 33 ТФС хабарламаны беру кезіндегі кез келген істен шығулар және/немесе оның көмегімен хабарлама берілуге және/немесе алынуға тиісті кез келген жабдықтың бұзылуы үшін жауапкершілік көтермейді.
- 34 Шығындар ТФС міндеттемелерін селқос орындау немесе қасақана орындамау нәтижесінен болғандығы дәлелденбесе, ТФС хабарламаны алмау/уақтылы алмау, үшінші тұлғалардың қиянатты әрекеттері нәтижесінде туындаған Қарыз алушының шығындарын қоса алғанда, бірақ бұнымен шектелмей, жылдам байланыс құралдарын қолданып хабарлама жіберумен байланысты Қарыз алушы көтеретін кез келген шығындар үшін ТФС жауапкершілік көтермейді.
- 35 Осы Шарт бойынша тараптың заңды мұрагері осы Шартта мазмұндалған талап қою құқықтары мен міндеттерді, соның ішінде ықтимал даулар мен келіспеушіліктерді реттеумен байланысты талап қою құқықтары мен міндеттерін өзіне қабылдайды.